

Мемлекеттік ақпараттық ресурстардың заңды және жеке тұлғаларға арналған жекелеген санаттарын пайдаланудың тәртібін айқындау жөнінде қажетті шаралар қабылдау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 17 желтоқсандағы N 368а

"Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастыру туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 3787 U973787_
Жарлығын жүзеге асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі және Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі бірлесіп:

Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын;

қолданылып жүрген заңдарға;

ақпараттық рынок пен бәсекелестік орта құру, монополияға қарсы мемлекеттік саясат жүргізу жолымен меншіктің барлық нысандарының тенденцияларын ақпараттық ресурстар қалыптастыру және қолда барын пайдалану;

шығарылған ақпаратқа интеллектуалдық меншікті қорғау;

мемлекеттің, қоғамның, азаматтың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; азаматтардың ақпаратты алуға арналған конституциялық құқықтарын жүзеге асыру;

ақпараттандыру жағдайында азаматтардың құқықтарын қорғау;

ақпарат және ақпараттандыру саласындағы құқық бұзушылық үшін жауптылық көзделетін толықтырулар мен өзгерістерді қоса алғанда заң актілерінің жобаларын өзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін;

1998 жылдың 9 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей есеп беретін және бағынысты мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және өзге де ұйымдармен бірлесіп қолда бар ақпараттық ресурстардың және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін материалдық-техникалық құралдарын мониторингін, сондай-ақ дүниежүзілік ақпараттық жүйелерге талдау жүргізсін.

Жүргізілген мониторингтің нәтижелері бойынша:

мемлекеттік ақпараттық орталықтар мен деректер базаларын оңтайландыру;

мемлекеттік ақпараттық ресурстардың заңды және жеке тұлғаларға арналған жекелеген санаттарын пайдаланудың тәртібін айқындау жөнінде қажетті шаралар қабылдау.

2. Қазақстан Республикасының Қөлік және коммуникациялар министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі және Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті белгіленген тәртіппен қызметінің негізгі мәні ретінде коммуникациялық орталық пен мемлекеттік ақпараттық ресурстардың өзара іс-қимылы жүйесін құру, ортақ пайдаланылатын ақпараттық база қалыптастыру, сондай-ақ дүниежүзілік ақпараттық жүйелермен ынтымақтастық ұсынылатын "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық үлгідегі акционерлік қоғамын құру мәселесін шешсін.

3. Осы өкімнің атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қөлік және коммуникациялар министрлігіне жүктелсін.

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК